

4

«Артыма қарамай
өлүім керек!»

6

Аралдың шежіресін
қаттаған

Сыр бойы

№165-166 (21041-21042) 1 қараша, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

ӨРКЕНДІ ӨҢІРДІҢ ӨЗГЕШЕ КЕЛБЕТІ



30 қазан, бейсенбі күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Қызылордаға келді. Мемлекет басшысы әуежайдан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған ресми өкілдер күтіп алды. Президент алдымен осы «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалымен танысты.

облыс орталығы мен елді мекендерді абаттандыру жөнінде мәлімет берілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кейінгі 4 жылда өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 233 пайызға артқанын баяндады. Биыл 720 миллиард тенгеден астам қаржы тарту жоспарланған. Оның ішінде жеке инвестицияның үлесі 70 пайызды құрайды.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда аймақта құны 2 триллион теңгеге жуықтайтын 90 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Бұл 11 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биыл жалпы құны 302 миллиард 500 миллион теңге болатын 27 нысанды іске қосу жоспарланған. Бүгінде оның тоғызы пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысы облыстың қарқынды дамып келе жатқанын айтып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Сонымен қатар Президентке Қызылорда облысының инвестициялық жобалары таныстырылды. Orient Ceramic KZO компаниясының қыш тақта өндіретін зауыты, Fabe Agro жылыжай кешені, With You қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кәсіпорны, Seven Rivers Technologies компаниясының шыны ыдыстар өндірісі және басқа да жобалар жөнінде баяндалды.

Шыны кластерін дамыту және бу-газ қондырғысы, тау-кен байыту фабрикасы, кальцийлендірілген сода өндіру зауыты, тауарлы-сүт фермасы жобаларын іске асыру жоспары жайында айтылды.

Мемлекет басшысы алға қойған жоспарларды уақытылы және сапалы іске асырудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа инвестициялық климатты жақсарту және бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

2-бет

ЖАҢА ТЕРМИНАЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысына әуежай қызметі, ішкі және халықаралық әуе рейстеріне қызмет көрсету процесі жөнінде баяндалып, жолаушыларды тіркеу және тексеру аймақтары, шекаралық-кедендік бақылау пункттері, күту залы, сондай-ақ автоматтандырылған жүк беру жүйесі көрсетілді.


Жаңа терминал өткен жылы қараша айында ашылған болатын. Жобаға 16,6 миллиард теңге көлемінде жеке инвестиция салынды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуге 4,3 миллиард теңге бөлінді.

Әуежайдың өткізу қабілеті жылына 300 мыңнан 500 мың жолаушыға дейін ұлғайды. Нысан Халықаралық азаматтық авиация комитеті (ICAO) мен Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

«Қорқыт ата» әуежайынан Air Astana, FlyArystan және Qazaq Air әуе компаниялары аптасына 29 рейс орындайды. Қазіргі кезде терминал жанынан «Қазэронавигация» РМК жаңа диспетчерлік мұнара мен әкімшілік-техникалық ғимараттың құрылысын жүргізіп жатыр. Жобаның іске асуы Сыр өңірінің көлік инфрақұрылымын дамытып қана қоймай, туристік әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығын да арттыруға оң септігін тигізеді.

ЭКОНОМИКА: ӘРТАРАПТЫҚ ӘЛЕУЕТ АРТА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысына облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар, сондай-ақ



АРАЛ: 7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСАДЫ

Орталықтан шалғай орналасқан Аралда ауқымды жоба көп. Мұнда балық өндірісі мен төрт түлікті өрістетуден бөлек, кейінгі жылдары кәсіп ашуға ынталылар саны артқан. Қазір теңізді өлкеде шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің саны 4815-ке жеткен. Осы салада 7462 тұрғын жұмыспен қамтылған.

Жыл басынан бері Арал ауданындағы өнеркәсіп орындары 23,6 млрд теңгенің өнімін өндірді. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 9,3%-ға артқан. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі бойынша 15,4 млрд теңгенің өнімі шығарылды. Сондай-ақ биыл мемлекеттік бағдарламалар мен жалпы қаржы институттары арқылы 2 млрд 375 млн теңгеге 94 жоба несиелендірілген.

Ауданның негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 24,1 млрд теңге құрағанын баса айту керек.

– Биыл аудан көлемінде жалпы 6,2 млрд теңгенің 7 инвестициялық

жобасы іске қосылады деп жоспарланған болатын. Оның ішіндегі құны 1,2 млрд теңге болатын 3 жоба іске қосылды. Атап айтсақ, «Ase Invest» ЖШС-ның «Тұрмысқа қажетті құрғақ ұнтақтар өндіру», «Sinooil» ЖШС-ның «Жанар-жағармай құю станциясын салу» және «Қарашалаң балық» ЖШС-ның «Арал қаласында балық өңдеу зауытын ашу» жобасы жұмысын бастады. Аталған кәсіпкерлік нысандарына 40-ка жуық адам жұмысқа тұрды, – дейді Арал аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ренат Жанаев.

Оның айтуынша, жыл соңына дейін бірнеше жоба іске асады. Олардың қатарында «Qazaq Camel» ЖШС-ның түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауыты, автомобиль газын толтыру компрессорлық станциясы бар көп-

функционалды жол бойы кешені, «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның жоғары сұрыпты ас тұзының өндірісі, жол бойы қызмет көрсету орталығы сияқты ірі кәсіпкерлік нысандар бар.

– Арал ауданында алдағы 2026-



2027 жылдары жалпы құны 164 млрд теңге болатын 10 жобаны іске асыру жоспарда тұр. Қуаттылығы 30 Мвт күн электр станциясы, заманауи су сақтау технологияларын пайдалана отырып жоғары калориялық жоңышқа өсіру, балық шаруашылығын ұйымдастыру, жүн мен теріні бастапқы өңдеу, қалдықтарды және кондициялық емес шикізатты құрама жемге қайта өңдеу зауытының құрылысы да жүруі тиіс, – дейді бөлім басшысы.

Бұдан басқа құрылыс материалдарын өндіру базасы, газ толтыру компрессорлық станциясы, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу, мотоцикл құрастыру және кальцийлендірілген сода зауытының құрылысы да қамтылып отыр.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы

\$ 530,07 kzt

€ 615,20 kzt

₽ 6,58 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+15°



+3°

Жексенбі



+16°



+2°

ӨРКЕНДІ ӨҢІРДІҢ ӨЗГЕШЕ КЕЛБЕТІ



ӨНЕРГЕ КЕҢ ӨРІС

Президент «Өнер орталығына» барып, көрермен залын аралап көрді, облыстық симфониялық оркестрдің дайындық барысын тамашалады. Мың орынға арналған көпфункционалды «Өнер орталығы» былтыр ашылған. Кең әрі заманауи үлгідегі ғимарат құрылысына 3,7 миллиард теңге жұмсалған.

Мұнда концерттер, шығармашылық кештер мен түрлі қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Орталықта бірнеше шығармашылық ұжым орналасқан.

Президентке баян етілгендей, облыста 2022 жылдан бері 18 мәдениет нысаны ашылған. Соның ішінде 7 заманауи «Руханият орталығы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі мен шалғай елді мекендерде мәдениет үйлері салынды. Бұл ретте мәдениет саласы қызметкерлерін баспанамен қамту, мамандардың біліктілігін арттыру және озық тәжірибені енгізу бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

ДИДАР-ҒАНИБЕТ:
ҮШІНШІ
ПРЕЗИДЕНТТІК
КІТАПХАНА
ҚЫЗЫЛОРДАДА
САЛЫНУЫ МҮМКІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осында жұртшылықпен кездесіп, әңгімелесті. Аймақтың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, алдағы уақытта да ауқымды жұмыс атқарылатынын айтты. Сондай-ақ бірқатар мәселе бойынша пікір бөлісті.

– Дүние жүзіндегі ахуал баршаңызға жақсы мәлім. Әлемдегі жағдай бұлыңғыр, құбылмалы. Сондықтан, ең алдымен, жастарға көңіл аудару қажет. Жастарымыз дарынды,

қабілетті. Оларға дұрыс бағдар көрсетіп, жақсы тәрбие, тәлім беру маңызды. Қазіргі заманда есірткі, нашақорлық секілді сын-қатерлер аз емес. Жастардың болашағы – білімде. Ойы ұшқыр, көкірегі ояу, көзі ашық жастар – біздің келешегіміз. Бәріміз бір ұлт болып, ел үшін, халық үшін жұмыс істеуіміз керек, – деді Президент.

Сондай-ақ елімізді өркендету жолында қолға алынған бастамалар жөнінде әңгімеледі.

– «Таза Қазақстан» акциясы кең ауқымда жүргізілуде. «Таза» деген – жақсы сөз. Ең алдымен, арымыз, ниетіміз таза болуы керек. Жалпы Қазақстан таза болуы қажет. Бұл – болмысымызға әсер ететін үлкен іс. Екінші, цифрлық мемлекет құру. Заманауи, озық елге айналуымыз керек. Әйтпесе дамыған елдер көшінен қалып қоямыз. Сондықтан цифрландыруды, жасанды интеллекттің міндетті түрде дамыту қажет. Қазақстанда Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютер іске қосылды. Бұдан бөлек, атом стансаларын салуымыз керек. Қазір бірінші стансаның құрылысы басталды. Таяу арада екінші АЭС жобасын қолға аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сонымен қатар өңір үшін су тапшылығы өте өзекті мәселе екенін жеткізді.

– Су тапшылығына баса назар аударамыз. Келешекте де су мол болады дей алмаймыз. Оған дайын болуымыз керек. Су үнемдеудің жоғары технологиясын қолданғанымыз жөн. Мемлекет субсидия беріп жатыр. Биыл ауыл шаруашылығына 1 триллион берді. Бұл – үлкен мүмкіндік, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет, өнер саласына мән беретініне тоқ-

талды. Астана мен Алматы қалаларында тәулік бойы қызмет көрсететін екі бірдей Президенттік кітапхана салынып жатқанын, болашақта осы секілді үшінші кітапхана Қызылорда қаласында ашылуы мүмкін екенін айтты.

Сапар барысында Президент балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына барды.

Бұл нысан биыл мамыр айында пайдалануға берілді. Академия қызметі өңір жастарының зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Кешенде бассейн, спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары, шығармашылық студиялар мен зертханалар бар.

Жалпы өңірде қосымша білім беру жүйесін дамыту аясында 2022 жылдан бастап Жаңақорған, Жалағаш және Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен Шығармашылық мектептері бой көтерді. Былтыр облыс орталығында заманауи «Оқушылар сарайы» ашылды. Бұдан бөлек, Қызылордада Кәсіптік білім беру және жұмысшы мамандықтары бойынша құзыреттілік орталығының құрылысы басталды. Бүгінде Президент саябағында уақыт талабына сай балалар сауықтыру лагері мен қысқы бак салынып жатыр.

ӨНДІРІС
КҮШ АЛЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы «Қызылорда-нан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің нан-токаш, кондитерлік



және макарон өнімдерін өндіретін цехына барды. Кешен биыл қазан айында іске қосылды. Жобаның жалпы құны – 5,6 миллиард теңге. Өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Өнімдердің 30 пайызға жуығы кәсіпорынның жеке сауда желілері арқылы сатылады, ал 70 пайызы қала аумағындағы және маңындағы дүкендерге жеткізіледі.

Президент жаңа жылу-электр орталығына барды. Жаңа жылу-электр



стансасы Мемлекет басшысының оңтүстік өңірлерде халық пен экономика сұранысын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында салынды.

Орталық 240 мегаватт электр қуатын және 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Жобаның жалпы құны – 215 миллиард теңге. Жылу электр стансасы түркиялық Aksa Energy компаниясының инвестициясы есебінен бой көтерді.

Қазіргі кезде негізгі агрегаттар, атап айтқанда, әрқайсысының қуаты 176 мегаватт болатын екі газ турбины, қуаты 95 мегаватт бу турбины, өнімділігі сағатына 120 тоннаға жететін екі бу қазандығы,

UEFA талабы бойынша IV санатқа сай келеді.

Аренада халықаралық сайыстармен бірге мәдени іс-шараларды өткізуге болады. Кешенде бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика және басқа да спорт түрлеріне арналған залдар бар.

Мемлекет басшысы «Қайсар» футбол клубының ойыншыларымен әңгімелесті.

– «Қайсар» – елімізде жеке меншікке өткен алғашқы клубтардың бірі. Алдағы уақытта футбол академиясы салынады. Клубтың келешегі жарқын болады деп ойлаймын. Баршаңызға табыс тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Президент футбол добына қолтаңба қойды.

Мемлекет басшысы облыстық тарихи-өлкетану музейінде де болды. Өңірдің тарихи-мәдени мұрасымен танысып, археология, этнография, Қазақстанның бұрынғы және қазіргі тыныс-тіршілігінен хабар беретін залдарды аралап көрді.

Биыл жазда бой көтерген музейде 12 тақырыптық зал жабдықталған. Қазір мекеме қорында 70 мыңға жуық жәдігер бар.

Президент сондай-ақ, «Үстел теннисі» орталығын аралап көрді. Кешенді салуға облыс бюджетін онтайландыру барысында үнемделген қаражат есебінен 2,5 миллиард теңге қаралып, құрылыс былтыр қазан айында аяқталды. Сондай-ақ «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 900 миллион теңге қаржы бөлді.

Заманауи үлгіде салынған орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 52 қызметкер жұмыс істейді. Бүгінде онда 280 бала үстел теннисімен тұрақты түрде шұғылданады.

Қ.ӘБШІ



/// ПІКІР-ПАЙЫМ



ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Сыр өңіріне келіп, жүзеге асырылып жатқан серпінді жобалармен танысты. «Өнер орталығында» аймақтың зиялы қауымымен кездесіп, елдің бүгінгі тіршілік-тынысы жайлы әңгімелесті. Өз тарапынан өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне оң баға беріп, әрі қарай қолға алынатын жұмыстардың жайына тоқталды.

Баршаға белгілі, біздің аймақ аграрлық салаға бейімделген. Оның ішінде күріш өндірісі қарқынды дамыған. Қазіргі заман талабына сай егінді егу, жинау жұмыстары жаңа технологиямен атқарылады. Ең әуелі жерді агро-техникалық талаптарға сай лазерлік тегістеу, сондай-ақ су өлшегіш құралдары арқылы егінге суды үнемді пайдалану әдісі қолға алына бастады. Соның нәтижесінде жылдан-жылға өнім сапасы да жоғарылап келеді.

Иә, адал еңбек қай кезде де бағалы. Әсіресе, біздің өңірде егін шаруашылығы елдің әлеуетін көтеруге сеп болып отырғанын айта кеткеніміз жөн. Мыңдаған жұмысшы мамандар осы салада тапжылмай еңбек етіп, отбасын қамтамасыз етумен қатар, қоғамның дамуына да өз үлестерін қосып келеді.

Алайда кейінгі жылдары егін саласы бойынша судың тапшылығы өңір үшін өзекті мәселеге айналып отыр. Биыл да диқандардың жұмысында қиыншылықтар болды. Бірақ мемлекет тарапынан дер кезінде қабылданған шешімнің арқасында егін толықтай сумен қамтамасыз етілді. Осы орайда Мемлекет басшысына Сыр диқандарының атынан ризашылық білдірдім.

Президент бұл мәселеге байланысты ойын ашық айтып, алдағы уақытта да суды үнемдеп пайдаланудың тиімділігіне назар аударды.

– Су тапшылығына баса назар аударамыз. Келешекте де су мол болады дей алмаймыз. Оған дайын болуымыз керек. Су үнемдеудің жоғары технологиясын қолданғанымыз жөн. Мемлекет субсидия беріп жатыр. Биыл ауыл шаруашылығына 1 триллион берді. Бұл – үлкен мүмкіндік, – деді Мемлекет басшысы.

Расында, қазіргі туындап отырған су тапшылығы мәселесі Сыр диқандарына да оңай соқпайтыны белгілі. Осыған байланысты Президент айтып өткендей, егін егуде қанаша бағытқа бейімделіп, бірте-бірте суды үнемді пайдаланып, қысқа мерзімде пісетін дақылдарды егу мәселесін қолға алуымыз қажет деп ойлаймын. Жалпы егін шаруашылығында қалыптасқан тәжірибеміз бар, тек соны жаңа технологияны енгізу арқылы толықтыра түссек, бұл қиындықты да еңсеріп шығатынымыз анық.

Абзал ЕРАЛИЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

ШУАҚТЫ СӘТ

Бейсенбіні берекеге балайтынымыз бекер емес. Таңсәріден күннің көзі күз емес, көктем келгендей күйге енді. Қызылордалық әрбір азамат бұл күннен ерекшелік барын байқады. Себебі ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Сырдағы серпінді тірлікті, айрықша өркендеуді көзімен көруге келді.

Мемлекет басшысы жұмыс сапарында жарқыраған жаңа заманауи нысандарды аралап, аймақ жұртшылығымен, зиялы қауыммен кездесті.

Айтулы сәтте іркіп қалуға болмас, мен үшін де киелі өлкедегі «Өнер орталығында» Президентпен жолығудың сәті туды.

Сәулелі ойды қорыта білетін адам үшін Мемлекет басшысының әрбір сөзі санаға салмақ салады. Қасым-Жомарт Кемелұлы сөз арасында жастардың дамуына ден қою қажет екенін қозғап, тәлімді тәрбие, дұрыс бағыт керек екенін қаперге салды.

Расында, қай кезде де тәртіп пен тәрбие болмаса, істің текке кеткені. Қазіргідей алмағайып уақытта жас буынды ұлттық нәрмен, ілкі дәстүрмен тәрбиелей отырып, жаңа заманға бейімдеу нағыз керек іс. Оның астарында жастарды ізгілікке, туған жерін шексіз қадірлеуге және тазалыққа үндеу секілді ой жатқанын сездік.

Айрықша күнде Президенттен байыпты бастама естідік. «Ірі мегаполис – Астана мен Алматыдан кейін жаңа кітапхана Қызылордада ашылады» деді. Бұл интеллектуалды ұлт болуға үндейтін, оқуға құштар жас буынға жаңа бағдар беретін үлкен қазына орталығы болатыны хақ. Ой-санасы биік ұрпақ өсіруге дәл осы заманауи кітапхананың берері мол болады деп іштей қуандық.

Тағы бір көкейге ой салғаны – цифрландыру ісіне көңіл бұру қажеттігін маңыздылардың қатарына қосуы. Жасанды интеллект өміріміздің бір бөлшегіне айналған уақытта оны ермекке емес, игілікке айналдыруға тиіспіз деген ой салды.

Байыпты басқосудан қанаттанып қайтқанымыз жасырын емес. Әсіресе, Президенттің облыста атқарылып жатқан игі істерге, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң бағасын беруі кеудемізге мақтаныш сезімін ұялатты.

Шуақты сәттеріміз көп болғай, Сырдың несібесі арта бергей!

Жаксыгүл ТОҒАНОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры

ЖАҢА НЫСАНДАР, ТЫҢ ЖОБАЛАР
ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында аймақтың дамуын көзбен көріп, ел игілігіне бағытталған жобалардың жүзеге асу барысымен танысты.

Мемлекет басшысы жүзеге асырылып жатқан халықшыл бастамалар мен әлеуеті кең серпінді жобаларды, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды жоғары бағалады.

Президентіміз зиялы қауым өкілдерімен кездесуде: «Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр. Қарқын бар, жоғары. Сондықтан әкімге ризашылығымды айттым. Бұдан әрі қарай да бірге жұмыс істей береміз» деп оң бағасын берді.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен аймағымыз қарқынды даму жолында. Мысалы, кейінгі үш жылда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада көш бастап тұр. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың басшылығымен өңір экономикасына тартылатын инвестициялық

түсімдердің жыл сайын еселеп артуы, құрылыс қарқынының өсуі, әлеуметтік-экономикалық, аграрлық және тағы басқа салалардағы жетістіктер өңіріміздің барлық бағытының нақты дамуын айқындайды.

Бюджет қаржысын тиімді пайдалану, әлеуметтік саладағы ауқымды істер, халықтың өмір сүру сапасын көтеру, ауылдың әлеуетін арттыру, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту, мәдени-рухани жаңғыру, көркейтү, абаттандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытындағы озық жұмыстар кеңінен насихатталып, үздік тәжірибе ретінде республиканың өзге өңірлеріне таратылып келеді.

Ерекше кездесуде болу бақыты бұйырған маған Президенттің «Ірі мегаполис Астана мен Алматыдан кейін жаңа кітапхана Қызылордада ашылады» деген қуанышты жаңалығы айрықша әсер етті. Сыр елінің шығармашылық адамдары мен қарымды қаламгерлерге бай өңір екенін ескерсек, бұл байыпты бастама зиялы ұлттың зерделі, зерек ұрпағына

жасалған тамаша тарту болары сөзсіз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде жастардың дамуына аса мән беріп, оларды тәрбиелеу мен дұрыс бағыт көрсетудің маңыздылығын атап өтті. Тәрбие мен тәртіп жоқ жерде істің берекесі болмайды. Қазіргі заманда жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтар мен дәстүрді сіңіре отырып, жаңа дәуір талабына бейімдеу – ең өзекті мәселе. Осыны атап өткен Президент мамандардың біліктілігін арттыру, адамзаттың мүмкіндігін кеңейтудегі жасанды интеллектті дамытуға ден қою қажеттігіне тоқталды. Оны тек ермек емес, игілік пен дамуға қызмет ететін құрал етуіміз керектігіне айрықша тоқталды.

Президенттің сөзінен әрбір азаматты ізгілікке, отаншылдық пен адалдыққа, тазалыққа үндейтін терең мағына сезілді.

Гүлшат МҰСАЕВА,
«АМАНАТ» партиясы
Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы,
облыстық мәслихат депутаты

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫ:
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
КЛИМАТТЫ
ЖАҚСARTY ЖӘНЕ
БИЗНЕСКЕ ҚОЛАЙЛЫ
ЖАҒДАЙ ЖАСАУДЫ
ЖАЛҒАСТЫРУ

Сонымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр өліне жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен, өндіріс, инфрақұрылым, мәдениет және спорт нысандарымен танысты.

Сапар «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалын аралаудан басталды.

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар, облыс орталығымен елді мекендерді абаттандыру жөнінде есеп берді.

Инвестициялық жобалар таныстырылып, Orient Ceramic KZO компаниясының қыш тақта өндіретін зауыты, Fabe Agro жылыжай кешені, With You қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кәсіпорны, Seven Rivers Technologies компаниясының шыны ыдыстар, Roca Group компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісі және басқа да жобалар жөнінде баяндалды. Шыны кластерін дамыту, бұ-газ қондырғысы, тау-кен байыту фабрикасы, кальцийлендірілген сода өндіру зауыты, тауарлы сүт фермасы жобаларын іске асыру жоспары жайында айтылды.

Өткен жылдың наурыз айында ашылған 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы» бүгінде қала сәулетіне ерекше сән берген ғимаратқа айналды. Мұнда симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, шығармашылық кештер, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізілуде. Осы орталықта өңір жұртшылығымен кездескен Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың жоғары даму қарқынына тоқталып, алдағы уақытта да ауқымды жұмыс атқарылатынын айтты.

Мемлекет басшысы «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясын, «Қызылорда-нан» цехын, жылу-электр орталығын, 11 мың орындық жаңа стадионды, үстел теннисі орталығын, тарихи-өлкетану музейін көріп шықты.

Алдағы жоспарларды уақытылы және сапалы іске асыру, инвестициялық климатты жақсарту және бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Сапардан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, аймақ басшысы Президент сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға және облыстық басқармалар мен мекеме қызметкерлеріне алғыс білдірді.

– Мемлекет басшысының жоғары бағасы бірлесіп атқарған жұмысымызға, елдің бекем бірлігіне берілді. Жүктелген міндеттер ауқымды, сондықтан жұмыс қарқынын бұрынғыдан да күшейтуіміз керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

«СБ» ақпарат

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

СУ ҚҰБЫРЫ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті. Оған облыстық, қалалық мәслихат депутаттары мен БАҚ өкілдері қатысты. Шара барысында «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС нысандары таныстырылды.

Қазіргі уақытта су құбыры желілерінің тозуы 42,41 пайызды құрайды.

Су желілерінің тозуын азайту, сумен жабдықтау қызметінің сапасын арттыру үшін жалпымекеменің инвестициялық бағдарламасы бекітілді. Онда негізгі қорларды жаңарту, жаңғырту және желілердегі апаттық жағдайды азайту жөніндегі іс-шаралар қарастырылған.

Бағдарлама аясында өз қаражаты есебінен 24 млн 369 мың теңгеге 377 метр су желісіне күрделі жөндеу жүргізіліп, «Қызылорда» станциясындағы сыйымдылығы 120 м³ су мұнарасының резервуары қайта жаңғыртылып, 6 скважиналық насос орнатылған.

– Былтыр инвестициялық бағдарлама бойынша екі нысан жөнделді. Біріншісі 377 метр су желісі бар. Ол Шанхай беттегі Чкалов пен Ш.Құдайбердиев көшесіне дейін сумен

камтиды. Ең өзекті мәселе – теміржол астындағы сол су желісі өте ескі, нақтырақ айтқанда, 1904 жылы салынған шойын құбыр. Оны жаңартпаса болмайтын еді. Өте қауіпті болды, құбыр үстінен қаншама пойыз, жолаушылар пойызы да өтеді. Бір-екі рет жарылып, пойызды тоқтатуға тура келген. Бағдарлама аясында сол 120 жылдан аса пайдаланылған құбыр жаңартылды. Жөндеуден кейін судың қысымы да артып, қауіп те сейілді.

Жалпы біз облыс бойынша 29 нысанда, станция мен разьездерді қамтамасыз етеміз, яғни Жаңақорған ауданының «Бесарық» станциясынан бастап «Төретам» станциясына дейін сумен қамтимыз. 3500 тұтынушы, 9 мың халық бар, – дейді «Теміржолсу-Қызылорда» мекемесінің директоры Насыр Абдулла.

Биыл инвестициялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде 15 млн 264,5 мың теңгеге



бірқатар жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Аққұм» стансасындағы 1076 метр және «Шиелі» стансасындағы 776 метр су құбыры желілері қайта жаңартылуда. Сонымен бірге 5 скважиналық насос орнатылды. Осылайша биылға сумен жабдықтау, қайта жаңарту және жаңғырту бойынша орындалған жөндеу жұмыстарының көлемі 69%-ды құрады.

– 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама бекітіліп, жобалар жүзеге асырылуда. Жыл сайын біз сол атқарылған жұмыстарды осылай таныстырып, есеп беріледі. Өйткені жұмсалған қаржының тарифке, бағаға қатысы бар. Сондықтан жоспарланған жұмыс атқарылды ма, жоқ па соны талдап, көрсетеміз. Егер жұмыс орындалмаса тарифті төмендетеміз. Жалпы шараның мақсаты – ашықтықты қамтамасыз ету, жұмыс сапасына назар аудару, – дейді департаменттің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Жомарт Балмағанбетов.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Иә, Нұрпейісов туралы айтылмаған не қалды? Бір қарағанда бәрі айтылған секілді. Осымен бітті ме?.. Жоқ, заман өзгерген сайын, қоғамдық құндылықтар орын ауыстырған сайын, ең негізгісі – ұрпақ ауысқан сайын Нұрпейісовтің жаңа оқырмандары мыңдап, миллиондап табыла береді. Жазушының шығармашылығы жайлы талайлардың тамсана айтқан пікірлерін оқи бастасақ, кеш батып, қас қараяр еді. Ағамыз 98 жыл өмір сүрді. Бұл біреулерге сонша ұзақ уақыт секілді елестеуі мүмкін және осынша жасқа келгелі жазған-сызғаны үш-ақ кітап па деп те, қорашсынуы ғажап емес-ті. Сол үш кітап жазушының жанқиярлық адал әм азапты еңбегінің арқасында жазушының атағын да, Арал халқының бет-бейнесін де әлемге танытты. Шындығында Әбекен кітаптан соң кітап шығарып, көпіртіп көп дүние жазған жоқ. Қағазға түскен туындының ыстық-суығына қарамас-тан бірден баспаға ала жүгіріп, қаламақыға қарық болайын да деген жоқ. Жастау кезінде Әбекеннің де қаражаттан қиындық көргені белгілі. Баспадан шыққалы жатқан кітабын «үстінен тағы бір қарап шығайыншы» деп қайтарып алып, кітаптың оң бойын жалпақ тілмен айтқанда «қызыл ала қан кылып», қайта жазып, қайта өңдеп, табандап үш-төрт жыл баспа төңірегіне жоламай кеткендігі – бүгінгілер үшін аңыз-ертегі. Әрбір шығармасына аса жауапкершілікпен қарап, әрбір сөйлем тәуілі әрбір сөзді де «мидың мың градустық домнасында» қайнатып барып, арадан біршама уақыт өткен соң қайта үңіліп, ойынан шықпаған тұсы болса, бастан-аяқ қайта жазудан тартынбайтын, қашан өз ойынан шыққанша бір тыным көрмейтін Әбекен секілді жан-пида қаламгерді өз басым кеше де, бүгін де көргенім жоқ.

Бірде Әбекен Астанадағы бір ауруханада жана босанған жас келіншектей басын сүлгімен танып алып, беліне көрпеше орап, ақ тер-көк тер боп, «Қан мен тердің» соңғы басылымын шиедей етіп, қырнап-сүрнеп жатты. Хал-жайын сұрауға барғанбыз. Мынадай жан алып, жан беріскен жағдайды көргенде, «Қап, бекер келдік-ау» деп, жазушыға анау айтқандай жәрдемсіз тимесе де, ең құрығанда уақытына бөтет болмайықшы дегенбіз. Өзім білетінде Әбекен көп адамды жанына жақындата бермейді, ал керек адамды өзі іздеп тауып алады. «Келдің бе?» деді біраздан соң, бізге күлімсірей қарап – көне, не әкелдің?» Бұл – көңіл-күйінің жақсылығының белгісі. Келіні беріп жіберген сәлемдемеден ауыз тиді де, қағазға қайта шүйлікті. «Аға-ау, не істеп жатырсыз, елдің әлдеқашан рухани дүниесіне айналып кеткен «Қан мен терді» бүйтіп?... дегенімше болған жоқ, артынша: «Сендер не білесіңдер. Қазір заман басқа, заң басқа. Оқырманның талғам-түсінігі өзгерді. Оқырманды аяу керек, сондықтан «Қан мен терді», яғни үш кітапты сығымдап, артық-ауыз эпизодтарды қысқартып, бір кітаптың аясына сыйғызғалы жатырмын...» деді. «Ойпыр-ай!.. Талай кереметтер сызылып кетпесе нетсің!» «Оны өзім білемін. Әрине, маған да оңай емес, дегенмен менің артыма қарамай өлуім керек! Осы сөзді ұмытпа!..» «Артыма қарамай өлуім керекті» екі мәрте қайталады.

Көзінің тірісінде, мұнан үш жыл бұрын үш кітаптан тұратын сол «Қан мен тер» бір кітаптың аясына сыйып, жаңа редакциямен басылып шықты. «Қан мен тердің» нешінші рет басылғандығын кім білсін. Оқыдық, оқыдық та таңғалдық. Кітап ауызға салсаң еріп жүре беретін қант қиығындай тәттілігі өз алдына, бар тірлігінді жиып қойып, қашан соңғы нүктесіне дейін бас алмай оқитындай келісті дүние болып шыққан. Еламан, Ақбала, Тәңірберген, Сүйеу, Судыр Ахмет, Қален, Дос, Мөңке, Қарақатын, т.б. кейіпкерлер бір тылсым құпиясымен бұрынғыдан да бізге қарай жақындай түскен тәрізді. Жазған шығармасы қашан өз ойынан шыққанша түзетумен шаршамайтын және «іштен шыққан шұбар жыланды» аямайтын, әрі жана-нә дүние тудырғандай содан керемет ләззәт алатын, бұл шаруаға бойындығы соңғы демі қалғанша бар қайрат-жігерін арнайтын осы жанқиярлық еңбегі аңызға айналған жер жүзінде бір қаламгер болса, ол сөз жос – Нұрпейісов екендігіне тірі жанның таласпайтындығы анық. Бұл



Ә.Нұрпейісов:

«*Артыма қарамай өлуім керек!*»



22 қазан – классиктің туған күні. Әбекеннің арамыздан алыстағанына үш жьыл. «Бала, қалайсың?» дейтін қоңыр дауысын сағынасың. Жылы жымшысы түске кіреді. Бұл – сондай сағыныштан туған бір үзік сыр еді...

турасында, Гера Бельгер көкем айтқандай, «Нұрпейісов үш ауыз телеграмманың өзін ойлаып-толғанып, үш күн жазатын адам»... дей тұрғанмен, әрбір сөзді, әрбір сөйлемді електен өткізуден жалықпайтын Нұрпейісов қайталанбайтын әрі ешкімге ұқсамайтын дара тұлға! «Қан мен тердің» алғашқы кітабы «Ымырт» 1961 жылы жазылып біткен-ді, міне, алпыс жылдан астам уақыттан бері трилогияның қанша тілге аударылып, қанша мақтау-марапатқа ие болып, қанша рет басылып шыққандығын өзіңіз-ақ безбендей беріңіз! Сірә, қалам ұстаған пендеге мына дүниеде мұнан артық бақыт бар ма?! Былайғы тірлікте жай сөйлеп, жайлап бабымен жүретін кісі секілді болғанымен туған әдебиеттің, туған елдің, атамекеннің тағдыры таласқа түскен сәттерде сол жайбарақат мінезді аяқасты ұмытып, алған бетінен, айтқанынан қайтпай түз гранитіндей қатып қалатын Нұрпейісов бұған келгенде де жалғыз, бұған келгенде де сирек жаратылыс!

«Қан мен тер» сюжетінің жазушы басына қалай, қашан келгендігін баршаларыңыз жақсы білесіздер. Әбекеннің мұнан жүз жыл бұрын Арал теңізінің жағалауындағы Құланды поселкесінің Үшқоң ауылында дүниеге келгендігі белгілі. Қай жылы мектепке барғандығын, одан соң әр жылдары үзіп-үзіп бірде Шалқарда, бірде Аралда оқығандығын қайталап жатып қайтөміз. 1942 жылы мектепті бітірген бойда армия қатарына шақырылады. Табандардан төрт жылын майдан даласында өткізеді. Әкесі, өзімен тетелес екі ағасы елге оралмай, соғыста опат болады. Әбекеннің архивінде әкесінің майданнан ұлына жазған сөлем хаты сақталған: «Сен, балам, аман-есен елге орал, мына біз бастан кешкен бар қиындықтың жалғыз куәгері өзің, бәлкім кейіннен осылардың шамаң жетсе қағазға түсірерсің» дейтіндей немеруін танытады. Әбекен әке аманатына адалдық танытқандай, 46-шы жылы аман-есен елге оралады.

Соғыстан кейінгі ашқұрақ ел ішінің жағдайы тайға таңба басқандай

белгілі ғой. Туған ауылында біраз аунап-қунап мауқын басқан соң, 23 жастағы жас жігіт 47-ші жылдың сарыша тамызында ауылдан шыққан ат арбаға ілесіп, Арал қаласына жол тартады. Күн ыстық, қисалаңдаған ат арба. Екі көзінің жылтырағаны болмаса, былайғы әңгімеге мүлдем зауқы соқпайтын арба үстіндегі қартан кісі Әбдіжәмілдің бары мен жолын да есінен шығарып алған-ды. Бірақ қалай болғанда да Аралға жету – арман. Митың жүріс жалықтырған соң жас жігіт арбадан түсіп, жаяу аяңға көшеді. Аптап, айнала ысылдаған қызыл құм, жаяу адамды шөл кинайды. Сол сапарда болашақ жазушының басына нелер келіп, нелер кетпеді дейсіз?! Арал өңірінің күллі тарихы көз алдынан өтеді. Көз алдарындағы жалғыз теңізден басқа арқа сүйері жоқ, оның өзі кешеге дейін Азамат соғыс жылдарында орыс көпестерінің шалқып өмір сүрулері үшін жаралғандай, ал жағалаудағы жарлы-жақыбай балықшылар соларға жалданып, өлместің күнін көргенін кімнен жасарарсың. Соғыс, тағы да соғыс, ашаршылық, турасын айтқанда, Арал өңірінде өмір сүрген халықтың маңдайлары жарқырап, қалқарасы тірлік кешкендері шамалы. Жан аямай еңбек еткен адал тердің де ақталғаны – ауыз жарымыс бірдеме. Қан мен тер, қан мен тер! Арал қаласындағы жақын ағасы Байғабылдың үйіне жеткен бойда Әбдіжәміл бір бет қағазға «Қан мен тер» деп бағтитып жазып қояды. Бұл тақырып болашақ жазушыны нағыз азап апанына алып келеді. Осыдан соңғы табандаған он бір жыл трилогияға деректер мен жанды құжаттар іздеуге арналады. Ұзын сөздің қысқасы, «Қан мен тердің» алғашқы кітабы «Ымырт» – 1961 жылы, «Сергелден» – 64 жылы, «Күйреу» – 70-ші жылы жазылып бітеді. «Жазылып бітті» – біздің сөзіміз, ал Нұрпейісов соңғы демі біткенше үш кітаптан тұратын кесек романды кырнап-сүрнеумен, қысқартумен, кейбір эпизодтарды қайта жазумен арпалысты да жүрді. Міне, қарап

отырсаңыз, атакты романның өмірге келгеніне де табаны күректей алпыс жылдан астам уақыт болыпты. Бір адамның ғұмырына татитын уақыт бедерінде сонан бері қанша өзгеріске түсіп, қанша мәрте жаңа редакциямен еліміздің әртүрлі баспаларынан жаңа кітап боп басылып шықса да, «Қан мен тер» ешқашан дүкен сөрелерінде шаңға көміліп жатқан емес. Қалам ұстаған пендеге бұдан артық мақтау-марапаттың қажеті қанша?!

Мақтау-марапат демекші, Әбекен де ұзақ ғұмырында талайдың түсіне кретіндей, талай марапатты иеленген. Ең бастысы, одақтың, КСРО-ның мемлекет сыйлығының лауреаты атанды, ондай абыройлы атаққа ие болған біздің елімізде үш-ақ қаламгер бар, олар – М.Әуезов, Ж.Молдағалиев және Ә.Нұрпейісов! Ал Қазақстанның Еңбек Ері атағын да Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан алды. Қапған майда-шүйде орден-медалдарының бәрін көзінің тірісінде архивке өткізіп жіберген-ді.

Әбекеннің болмыс-бітіміне, шығармашылық лабораториясына таңғалмайтын, танданбайтын адам кемдекем. Бәлкім, кім біледі, Әбекенше жазғысы келетін, шығармашылық шыңына Әбекенше жетіп жағылғысы келетіндер сірә да, аз болмас. Бірақ басы ашық ақиқат, Нұрпейісов қайталанбайды, Нұрпейісов – жалғыз, Нұрпейісов – тарихта аты-жөні алтын әріптермен жазылып қалатын ұлы жазушы! Әбекеннің шығармашылығы, «ар ісіне» адалдығы, ханнан да, қарадан да қаймықпай пікірін ашық айтатын батылдығы, туған әдебиетін мойны озық әлем әдебиеті деңгейіне көтерудегі жанқиярлық еңбегі, данадан дәрқан ақ көңілі, кейде кез келген нәрсеге сене қалатын баладай аңқаулығы; ал жазуға келгенде, әрбір қазақ сөзінің салмақ-дәрежесін таразыға салып, безбендеуге келгенде әлгі жайма шуақ мінездерді аяқасты ұмытып, сұрланып, «суырылмайтын шегедей» қатып қалатын... Ә.Нұрпейісов жайлы кешегі «алыптар тобы» көрнекті өкілдерінің аузынан шыққан ыс-

тық лебіздерін, замандастары, құрдстарындай әзілдесетін, еркелейтін бүгінгі жер басып аман жүрген үзеңгілес інілерінің қағазға түскен жазбаларын жинағанда неше том боларын кім білсін. Француз Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопкин, Валинтин Оскоцкий, испандық Август Виналь, қырғыз Шыңғыс Айтматов, башқұрт Мұстай Кәрім, немістер Лео Кошут, Ральф Шредер, қазақстандық Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхаметжан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Қалтай Мұхамеджанов, Зейнолла Қабдолов, Шерияздан Елеуенов, Герольд Белгер, Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Смағұл Елубаев, т.б. қаламгерлер Әбекен жайлы ағынан ақтарылып, жүрекжарды ниеттері мен тілектерін білдірді. Бұл жарасымды көш әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Адамзаттың Айтматовы былай дейді: «Мен Нұрпейісовтің кітаптарын баяғыдан бері оқып келемін, оның талантты да тартымды прозасына баяғыдан бері ғашықпын, одан көп нәрсені үйрендім, онымен сан рет сырластым да. Онымен әр кездескен сайын оны жаңа қырынан көргендей боламын да тұрамын. Адам ретінде, сұхбаттас-сырлас ол әманды терең, саликалы да сабырлы...» Зейнолла Қабдолов: «Егер де «Қан мен тер» қазақ тағдыры мен тұрмысындағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді қамтыса, «Соңғы парыз» сол халықтың кеңес дәуіріндегі тағдыр-талайын қамтыған. Дей келгенде, Нұрпейісов трилогиясы мен дилогиясы – Отанымыздың ғасырлық тарихының айнасы...» Дулат Исабеков: «Әбдіжәміл Нұрпейісовті қазақ қауымына ғана емес, бұрынғы бүкіл кеңестік кеңістікке, қала берді дүниежүзі оқушыларына таныстырып жатудың қажеті жоқ. Шығармаларының құндылығы мен тартымдылығы жөнінен ұлы Мұхтар Әуезовтен кейін қазақ әдебиетінің мерейін көтеріп келе жатқан ірі қалам қайраткері...» Жа, бұл қағазға түскен ойларды соза беруге де болар еді...

Әбекен күллі қалам ұстағандарды үнемі таңғалдырумен келе жатыр. Жасы 80-нен асқанда «Соңғы парызды» берді. Роман әлі күнге дейін біздің оқырмандардың да, шетелдіктердің де ауыздарынан түспей келеді. Ана жылы АҚШ-та қос роман ағылшын тілінде жарық көрді. Жоқ, айтайын дегеніміз бұл емес, айтайын дегеніміз – Әбекеннің шығармашылық әдістесі де ешкімге ұқсамайды. Мәселен, «Қан мен тердің» соңғы кітабы «Күйреу» менің пайымдауымша асқан шеберлікпен, шабытпен жазылған керемет шығарма! Өзінің айтуынша, романның соңғы эпизоды, Тәңірбергеннің мына жарық дүниеден бас кешіп, өзі бастап апарған орыс әскерлерінің туған ауылын қалай тонағандығын көріп, тіршіліктен түңілген сәтіндегі жан тебіренісі алдымен қағазға түсіпті. Яғни кітап соңынан басына қарай жазылған. Ал «Соңғы парызда» да Бәкізаттың кеудесінен жарың әлдеқашан шығып кеткен Жәдігердің апауыр басын тізесіне қойып, суықтан паналап күйеуінің кеудесіне кірген бір шөкім торғайды үсік шалған ебедейсіз қолымен қалқалап, жана атып келе жатқан күн көзіне қарап, аспанға ұшырып жіберетін тұсы бар-ау, міне осы соңғы тарау, соңғы аккорд та алдымен жазылыпты. Бұған қайтіп таңғалмайсың! Тағы қайталайын, мұндай тапқырлық пен шеберлікті Нұрпейісовтен басқа тірі жанның жүзеге асыруы екіталай.

Қоңырау соққан сайын: «Бала, қалайсың?» деп сұраушы еді. Жасымыз жеттіске жакындағанша Әбекене бала болдық та жүрдік. Қазір олай деп, біздің хал-жайымызды сұрайтын пенде жоқ. Жазушының сол қоңыр дауысы құлақ түбінде үнемі қоңыраулап тұрады. Естігің келеді, жиі-жиі түске кіреді, сағынасың... Туған ел алдындағы, туған әдебиеті мен атамекені алдындағы соңғы азаматтық парызын толық өтеп, артына қарамай жазам деген дүниесін жазып кеткен Абдылдин аруағына әркез бас иогө әзірміз! Қайдағы көрегендік?! Біздікі асыл Ағамыздың дүние есігін ашқан күні елсүсіз өтпесінің дейтін ниет қана...

Қуаныш ЖИЕНБАЙ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері


ЖОБА	
«Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы»	
Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы № 359 шешімінің күші жойылды деп тану туралы	
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	
1. «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы №359 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6937 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.	
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Лауазымы	Аты-жөні

ЖОБА	
Қызылорда облысы бойынша жер үсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы	
Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 628-бабына, Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 26-бабы 1 тармағының 1) тармақшасына және «Жер үсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі №250-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №36974 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	
1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша жер үсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.	
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	
Лауазымы	Аты-жөні

Қызылорда облыстық мәслихатының
2026 жылғы «__» _____ № _____ шешіміне
қосымша

Қызылорда облысы бойынша жер үсті су объектілерінің
су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2026 жылға арналған
төлемақы мөлшерлемелері

с/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	488,85
2	Жылу энергетикасын қоса алғанда, өнеркәсіп	1000 текше метр	1389,57
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	384,92
4	Су көздерінен алуды жүзеге асыратын тоғандар шаруашылықтары	1000 текше метр	384,92
5	Гидроэнергетика	1000 квт. сағат	142,42
6	Су көлігі	1000 тонна шақырым	53,88



– Сәлеметсіз бе, Сұлтанәлі аға! Сіз қазақ әдебиетіне жазушы, драма-тург ретінде танылдыңыз. Жалпы драма жанрының өзгешелігі неде?

– Драма – кез келген халықтың ұлт болып қалыптасуына ерекше әсер ететін өнердің ерекше түрі, оның тарихы мыңдаған жылдың аржағындағы рим, грек заманынан басталады. Бұл жанрдың қасиеті сол, ұлтты тікелей қалыптастыруға әсер ететін күші бар. Мен 80-жылдардан бастап Алматыдағы қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы театрда әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істедім. Қиын кез болатын. Халық өз ана тілінен безініп, мәселенің шиеленісіп тұрған шағы еді. Мысалы, Алматыда бірекі ғана қазақ мектебі болды.

Осы кезеңде еліміздегі қазақ театрлары ұлт болып аман қалуымызға үлкен әсер етті. Олай дейтінім, гастрольдік сапармен елді аралаған уақытымызда халықтың театрға деген ынтасы ерекше болды. Мысалы, кітап оқығанда, кино көргенде адамның алған әсері байқала бермейді. Ал театрда басқаша, спектакльде халық сахнада болып жатқан оқиғаны тура шын өмірдегідей қабылдайтын. Оған бір мысал айтайын, бір күні біздің театр менің «Ең әдемі келіншек» дейтін пьесамды гастрольдік сапармен бір алыс ауылға апарып көрсетеді. Спектакльдегі отбасында тұрақсыз жағымсыз бір рөлді Тұрсын дейтін актер орындайтын. Содан спектакль біткесін екі-үш әйел актерлердің бөлмесіне кіріп келіп, әлгі Тұрсынға «Әй, сен, қандай нашар жігітсің, отбасыңда тұрақсыз болып, қайдағы жеңіл жүрісті біреуге неге қырындайсың?» деп жан-жағынан жабыла кетіпті. Ал Тұрсын болса «Ау, ағайын, бұл менің пьесадағы кейіпкерім ғой, мен соның рөлін орындадым. Ал шынайы өмірде өз отбасым, заңды некедегі әйелім, үш-төрт балам бар» деп шыр-пыр болып әрең құтылыпты, яғни ол кезде көрермен театрдағы спектакльдерді шынайы өмірде болып жатқандай қабылдап, ерекше тәбіріеніспен көретін.

Иә, адам баласы жақсылықты қабылдап, жамандықтан қалай безіну керек, осыған келгенде, театр – үлкен тәрбие ошағы.

– Шығармашылық адамы ретінде қазір сізді қандай тақырып толғандырады?

– Жалпы, өткенмен салыстырып қарасақ, бүгінде елдің жағдайы жақсы. Тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк. Адам баласы үшін материалдық қажеттіліктің бәрі қолжетімді. Алайда ашшы шындықты айтар болсақ, дәл осы күні қазақ халқының моральдық бұзылуы өмірі болмаған деңгейге жетті. Айтуға адамның аузы бармайтын сұмдық жағдайлар орын алып жатыр. Неге бұлай? Адамның бір-біріне деген мейірімі азайып, керісінше, озбырлық, қатыгездік белең алып барады. Мені осы мәселе қатты алаңдатады.

«Қазақ ондай болған, мұндай болған» деп жалған мақтангершілікке салынып, жағдайды жасырып, жабудың қажеті жоқ. Қайта театр болсын, кино болсын, теріс жолға түсіп бара жатқан жұрттың бетін бері бұрып, жылылыққа жетелеп, адалдық, адамгершілік қасиетін оятуға күш салуы керек. Әсіресе, театрлар қоғамдағы моральдық мәселелерді қозғап, осы тақырыптарға көбірек барғаны жөн.

Қазақты ау бастан тәрбиелеген ауыз әдебиеті, жыр-дастаны, ән-күйі. Айталық, қазір әлем сахнасын жаулаған қазақтың қаршадай ұлы Димаштың талантын, өнерін көргенде кеудемізді мақтаншы кернеп, марқайып қаламыз. Әсіресе, оның халықшыл, отаншыл сезімін көргенде, еріксіз көзге жас келеді. Әншілігін былай ойғанда, ол әлемді қазақ тілінде сөйлетті. Қазақтың қара домбырасын дүниежүзіне әйгілеп, Әнұранымызды шырқап, әлемдік аренада ел мәртебесін аспандатып жүр. Өнерге шын берілген адам осылай, оның кәдір-қасиетін қоса алып жүруі керек.

– Драма басқа жанрларға қарағанда, күрделірек секілді көрінеді. Сондықтан бұл жанрға қалам тартып жүргендер көп емес шығар?

– Орынды сұрақ қойып отырсың. Дегенмен драмаға қалам тартып жүргендер қазір аз деп айта алмаймыз. Керісінше, бұл жанрға кездейсоқ келушілер көбейіп тұр. Мен бірнеше жылдан бері ҚР Мәдениет және ақпа-

Адамзат БАЛАСЫ ҮШІН

РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМ ТАҚЫРЫБЫ ОРТАҚ

рат министрлігінің жанындағы Театр істері жөніндегі көркемдік кеңестің мүшесімін. Осы тұрғыдан айтқанда, кеңестің қарауына ұсынылатын пьесалардың дені талап деңгейіне сай келмейді. Тек диалогты құрастырып драма жазам деу үлкен қателік. Ең бастысы, шығармада шындық болуы шарт. Онда қозғалған тақырып көріп отырған әрбір адамға әсер етіп, ой салуы керек. Театр осы уақыттың өзекті тақырыбын көтеріп, халықты толқытып, толғандыра білуі керек.

Тарихи тақырыптағы драмалар көбейді. Алайда бұл тақырыпты кітаптан оқуға, кинодан көруге болады ғой. Елдің алдына шығып, ұзын-сонар шежірені айтудың қажеті бар ма? Өзім солай ойлаймын. Тағы бір мәселе, қазір әзіл-сықақ театрлары баршылық, бірақ репертуарлары өте жұтан. Бізге жеңіл-желпі күлкі керек емес, әзілдің ар жағында астарлы ой айтылуы тиіс. Әрбір қойылымның адам жанын тәрбиелейтін тобықтай түйіні болуы шарт.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейінгі кезеңде Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жастар театрында Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат» пьесасы қойылды. Онда 30-жылдардағы ашаршылық көрсетілетін, яғни бұл жағдай қазақ халқының жақында ғана басынан өткерген Желтоқсан оқиғасына өте жақын, ұқсас еді. Соған орай бұл спектакльге көрерменнің ықыласы ерекше болды, әр қойылымға халық қаптап келіп, сыймағандары театрдың есігін сындырып кете жаздайтын. Бүгінгі театрлар да елдің жүрегіндегі осындай тақырыптарды қозғай білсе дейміз.

Сөз реті келгенде айта кетейік, кез келген қаламгер жақсы драматург болып қалыптасуы үшін ең алдымен режиссермен шығармашылық байланыста тығыз жұмыс істей білуі керек. Бұл өз басымнан өткен жағдай. Шынымды айтсам, отыз жастан асқанша пьеса жазып, драматург боламын деп мүлде ойлаған жоқ едім. Бұған дейін негізінен проза жазумен айналыстым. Сөйтіп жүргенде бір күні ғаыптан тайып жастар театрынан Төлен Әбдіковтің «Біз үшеу едік» дейтін пьесасы бойынша сахналанған спектакльді көрдім. Бұл қойылым маған ерекше әсер етті, сөйтіп «мен де неге осындай пьеса жазбаймын» деген қиялға берілдім. Бірақ драматургия жанрындағы шығарманы қалай жазуға болатынын білмейтін едім. Содан жарты жылдан астам уақыт кітапханаларға барып орысша, қазақша пьесаларды үзбей оқумен болдым. Содан біртіндеп қиялдағы оқиғаны драмаға айналдырып, қағазға қалай түсіруге болатынын ештеп түсіне бастадым. Сөйтіп өмірімде бірінші рет «Қыз жиырмаға толғанда» деген пьеса жазып, сол кездегі Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық коллегиясына өткіздім. Шынымды айтсам, ол кезде бұл пьесамды біреу керек етеді, сахнаға шығаралы деген үміт те, ой да қаперіме кірмеген. Бірақ бұл шығармады күтпеген жерден сол кездегі Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театрының көркемдік жетекшісі әрі директоры, Қазақстанның Халық артисі Райымбек Сейтматов театр репертуарына қабылдады. Оған ілесөзім де көп ұзамай осы театрға жұмысқа келдім. Сондықтан драматург ретіндегі ең бірінші ұстазым Райымбек Сейтматов деп есептеймін. Осыған орай бұл театрдан ұзақ жылдан бері



шығармашылық байланысымды үзген емеспін. Осы жастар театрында ұзын саны сегіз-тоғыздай пьесам жарық көрді.

Бұл саладағы екінші бір ұстазым осы Қызылордадағы Нартай Бекежанов атындағы театрдың ұзақ жыл бас режиссері, көркемдік жетекшісі болған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хұсейін Әмір-Темір. Соған орай бұл театрда да бірнеше пьесам сәтті сахналанды.

Қазіргі атакты режиссерлердің бірі – шығармашылық жолын осы Қызылорда театрында бастаған Әубәкір Рахимов. Ол кейінгі ұзақ жылдарда Алматыдағы М.Әуезов атындағы театрда жұмыс істейді. Біраз жыл шығармашылық тығыз байланыста болып, нәтижесінде еліміздің ең атакты театрында «Сағыныш пен елес», «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қаз-қаз» атты пьесаларым сахналанды. Өз ойымша драматург пен режиссер тығыз байланыста жұмыс істей білсе, жақсы жетістіктерге жетуге болады.

Бүгінгідей әңгімеде театрлардың жұмысы жөнінде де бір-екі ауыз сөз айта кеткеніміз жөн. Бұрын театрлар жаз бойы гастрольге шығып, елді аралайтын. Байқасаңыз, қазіргі театрлар гастрольге шыға бермейді, көрермен бар ма, жоқ па, оған да аса мән бермейді. Тек жоспарға сай бөлінген қаржыға бірнеше қойылымды сахналап шықса болды. Сосын толып жатқан фестиваль. Оған қарсылығым жоқ. Мысалы жақында ғана осы Н.Бекежанов атындағы театр халықаралық фестивалде бас жүлдені жеңіп алды. Оған бәріміз де қуаныштымыз. Бірақ театрдың ең басты міндеті фестивальге қатысу, бәйге алу емес, керісінше, өмірге ықпал ету, қоғамның, тіршіліктің өзекті тақырыбын көтеру, сол арқылы адам жанын тәрбиелеу. Халықты барынша қызықтырып, әр қойылымға көптеп тарту. Соған орай билетті мүлкін болғанша, қымбатқа өткізіп, белгілі бір мөлшерде нақты қаржы да табу. Дүниежүзіндегі өркеніетті елдердің бәрінде театрлар осылай жұмыс істейді. Оларға нақты қатаң талап қойылады. Мысалы,

Алматыға Ресейдің Мәскеу мен басқа қалаларынан түрлі орыс театрлары гастрольдік сапармен жиі келіп тұрады. Міне, осы театрлардың кез келгенінің билеттері он мың теңгеден басталып, елу мың, кейде одан да қымбат болады. Бірақ билеттің құнының осыныша қымбаттығына қарамастан алматылықтар ол қойылымдарға таласып-тармасып, қаптап барып жатады. Ал біздің өзіміздің театрларымызда билет құны көп жағдайда бір мың, асып кетсе екі мың теңге көлемінде. Соның өзіне халық бара бермейді. Неге бармайды? Мәселе осында. Ақшасы жоқтан емес, қызығушылығы жоқ. Сондықтан театрларға ізденіс керек. Тек Үкіметтің ақшасын игеріп, фестивальден фестивальге жүру дұрыс емес. Үкіметтен қанша қаражат алса, соның қайтарымы болуы тиіс. Мұны айтып отырған себебім, өнердің құнын түсірмеу керек. Өнердің қай түрі болсын, лайықты бағалануы тиіс. Қазір кейбір театрларды ұстап тұрған директор да, режиссер де емес, ел жағалап, мектептер мен түрлі оқу орындарының табалдырығын тоздырып, көрерменді ұйымдастырып әкелетін администраторлар болып тұрғанын жасырмаған жөн.

Көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Театр – хас сұлулық көз жасындай мөлдір өнер». Сол себепті драматургия саласын кім көрінген ермек қылмай, бұл салаға терең біліммен, табиғи талантпен келуі керек.

– **Қызылорда қаласының еліміздің астанасы болғанына жүз жыл. Осы кезеңде ұлтымызға «Қазақ» атының қайтарылуы ел тарихындағы ерекше маңызды оқиға. Осы туралы айтсаңыз.**

– Иә, қымында ел тарихындағы ең бір саяси мәні жоғары оқиға. Осыған орай Қызылордада екі күнге созылған үлкен мерекелік іс-шараның өткені баршаға мәлім. Мен де бұл іс-шараға ресми шақыру алып, екі күнге созылып мерекені басынан аяғына дейін тамашаладым. Барынша сәтті өтті. Келген қонақтардың бәрі түн ұйқысын төрт бөліп жүріп ұйымдастырған азаматтарға риза болды.

Біз алыста жүрсек те, туған жеріміз – Сыр бойының әрқашан да осындай табыстарға жетіп, биік белестерден көріне беруіне тілектеспіз.

Осы орайда айта кетейін, қайсыбір жылдары Қызылорда қаласының атын өзгерту туралы әңгіме қозғалды. Мен бұған түбегейлі қарсымын. Неге? Өйткені мемлекет тарихында Қызылорда 1925-1929 жылдары Қазақ АКСР-нің астанасы болды. Сол 1925 жылы Қазақ АКСР кеңестерінің V съезінде осыған дейін «киргиз» аталып келген ұлтымызға «Қазақ» атауы қайтарылды. Ұлт руханияты осы жерден бастау алды десек қателеспейміз. Әдебиет, мәдениет, оқу-ағартушылық сала өркендеді.

Алашқа жан-тәнімен қызмет етіп, қазақ руханиятын қалыптастырған Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанбек Қожанов, Темірбек Жүргенов сынды азаматтардың Қызылордада ізі қалды.

Қазақтың тұңғыш кәсіби театры да осында шаңырақ көтерді. Театрдың қалыптасуына Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Қапан Бадыров, Құрманбек Жандарбеков секілді қазақ өнерінің тарландары еңбек сіңірген. Бұл күнде Сыр өнерінің қарашаңырағына айналып отырған Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрдың негізі қаланды.

Қызылордада Жастар театры шаңырақ көтеріп, бүгінде шығармашылығымен танылып келеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын осы театрға арнап «Қызылорданың қыздары» деген пьеса жаздым. Ол пьеса театрдың алғашқы қойылымдарының бірі болды. Режиссері әрі көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов. Жастар өмірінен сыр шертетін қызықты қойылымды көрермен жылы қабылдады. Қазір де байқап жүрмін, Жастар театрының репертуары жақсы, келешегінен көп үміт күтуге болады.

Сосын менің шығармашылық жолды тандауыма «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы») басылымының әсері өте үлкен болды. Сол уақыттағы Қазақстан Жазушылар одағының Қызылордадағы өкілі Асқар Токмағамбетовтің жұмыс кабинеті осы «Ленин жолы» газетінің ғимаратында еді, Қомшабай Сүйеніш сынды белгілі ақындар да осы газетте қызмет ететін. Мектеп бітіретін жылы алғашқы жазған-сызған өлеңдерімді алып Асқар Токмағамбетовке келдім. Ол кісі асықпай қарап алды да, Қомшабай ағамызды шақырып, өлеңдерімді газетке беруді тапсырды. Осылайша айтулы ақындардың қолдауы шығармашылығымға жол ашып берді. Соған қатысты мына бір оқиғаны айтып берейін.

Бала күнімнен бастап ақын-жазушы болуды армандадым. Бірақ бұл саланы жақсы игеру үшін сол кездегі Қазақ университетінің журналистика факультетін бітіру керек деген түсінік бар еді. Бұл факультетке түсу үшін міндетті түрде екі жыл еңбек өтілің болу керек деген қатаң талап та болды. Соған орай мектеп бітірген жылы зейнетке шыққан әкемнің орнында «Бірінші май» совхозында екі жыл аға шопан болып жұмыс істедім. Содан екі жылдық жұмысымды аяқтауға таянған 1966 жылдың көктемінде әкеммен бірге Сарысуға қой айдап бара жатқанбыз. Бір уақытта артымыздан жеңіл көлік қуып жетті. Көлік ішінен шыққан жігіт:

– Сұлтанәлі Балғабаев сен бе? – деді.

– Иә, мен.

– Сен Алматыда өткен республикалық фестивальдің лауреаты болдың. Соған орай жеделдетіп жолға шығуың керек, – деді.

Қайдағы фестиваль, неғылған лауреат, түкке түсіген жоқпын. Содан әлгі кісі аудандық комсомол комитетінің хатшысы екен, жағдайды жайлап түсіндірді. Сөйтсем, Асқар Токмағамбетов пен Қомшабай Сүйеніш бірлесіп, оларға облыстағы комсомол ұйымдарының басшыларының бірі, ақын Салдықбек Хангелдин қосылып, менің аудандық, облыстық газеттерге шыққан өлеңдерімді жинастырып, Жазушылар одағының облыстық филиалы атынан байқауға жолдаған екен. Сонымен Алматыға барып, жүлделі орыннымды алдым. Сөйтіп сол жылы оқуға түсіп, одан әрі қарай әдебиеттен өз жолымды таптым.

– **Қазір әдебиетке қолдау бар ма?**

– Кеңес кезеңінде мықты авторлардың еңбегі жақсы бағаланып отырды. Оны айтуымыз керек. Мен де ең көп қаламақы артықшылықты бірі болдым. Тағы бір аатықшылығы, ақын-жазушылардың кітаптары отыз мыңнан жетпіс мыңға дейінгі таралыммен жарық көріп, ел аумағына түгел таралатын. Қазір ондай таралым жоқ, барынша азайды ғой. Дегенмен қазір бізде Үкімет бекіткен «Әлеуметтік маңызды әдебиетті сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасы бар. Оның өзі екі кіші бағдарламаға бөлінеді. Осы бағдарлама бойынша кітапты мемлекеттік тапсырыспен шығаруға болады. Жазушылар одағының жергілікті өкілдіктері мен басқа тиісті ресми орындар бірлесе отырып, жергілікті қаламгерлерге осы мәселелерді түсіндіріп, өзге де ұйымдастыру шараларын қолға алса, біраз мәселені шешуге болады деп ойлаймын.

– **Уақыт өлбей сұхбат бергеніңізге көп рахмет!**

Сұхбаттасқан
Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

БІЛІМ

ТАРИХТА АЙҚЫН
ТАҢБАСЫ,
ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

Биыл И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің ашылғанына 95 жыл толды. Тарихы терең білім ордасының негізгі 1930 жылы қаланған. Бүгінде колледж өңірдегі кәсіби мамандар даярлайтын іргелі оқу орнына айналды.

Кеше колледждің 95 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаты М.Жайымбетов, облыстық білім басқармасының қызметкерлері, сала ардагерлері, колледжді басқарған азаматтар, түлектер, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Алдымен шараға қатысушылар мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек ері И.Әбдікәрімовтің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Мұнан кейін колледж музейімен танысты. Онда оқу орнының тарихы, тынысы, жеткен жетістігі жайында және әр кезеңде басқарған басшылары жайлы тың ақпарат ұсынылған.

Бұдан кейін оқу ғимаратының екінші қабатында орналасқан Мәжит Өтемұратов атындағы виртуалды зертхананың ашылуы өтті. Колледждің 95 жылдығымен қатар оны 2007-2015 жылдары басқарған іскер басшы Мәжит Өтемұратовтың туғанына 80 жыл толды. Осы орайда оның ұрпақтары арнайы виртуалды тре-

нажер оқу зертханасының ашылуына қатысты. Зертхана Б.Өтемұратов қорының демеушілігімен заман талабына сай жабдықталған.

Шарада Парламент Мәжілісінің депутаты, колледж түлегі Мархабат Жайымбетов оқу ордасы, бар ғұмырын білім саласының дамуына арнаған М.Өтемұратов жайында естелік айтты. Колледж директоры Абайбек Жүнісов еліміздегі арнаулы оқу орындары халықаралық салалық аккредиттеуден өту талабымен жұмыс жасап жатқанына тоқталды. Облыста алғашқы болып И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі энергетика мамандықтары бойынша АҚШ-тың Флорида штатындағы NCSCER агенттігі арқылы халықаралық салалық аккредиттеуден сәтті өткенін жеткізді. Нәтижесінде агенттік жоғары бағасын беріп, куәлігін тапсырған. Сондай-ақ М.Өтемұратов басқарған жылдары колледждің жеткен жетістігіне тоқталып, жарыққа шыққан жаңа кітаппен таныстырды. Білікті әрі іскер басшы

туралы медицина ғылымдарының докторы, профессор М.Шайдаров, сала ардагерлері естеліктерін бөлісті.

Колледждің материалдық-техникалық базасымен танысқан қонақтар акт залында өткен «Кәсіптік білім беру: өзекті мәселелер мен жаңа дәуір талаптары» атты ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. Онда облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Әзізбек Ізімбетов облыс әкімі Н. Нәлібаевтың құттықтау хатын табыстады. Конференцияда колледж директоры А.Жүнісов «Erasmus+» бағдарламасы және ТжКБ саласындағы халықаралық ынтымақтастық, Германиядан келген инженер Ульрих Шперлинг «Германияның кәсіптік білім беру тәжірибесі және техникалық, кәсіптік білім беру жүйесіне ықпалы», «Ares Training Center» ЖШС директоры Бөгенбай Татаев «Болашақтағы кәсіби мамандарды даярлаудың маңыздылығы және әлеуметтік серіктестіктермен оқу орындарының тығыз байланысы», облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры П.Сыздық «Кадрлық әлеует – кәсіпкерлік пен инвестициялық дамудың негізгі факторы» атты тақырыпта баяндама жасады.

Бүгінде колледжді бітірген түлектер сан тарапта, түрлі салада абыройлы еңбек етіп жүр. Олар өздері білім алған оқу ордасымен мақтанады. Солардың біркатары демеушілік есебінен колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында кабинеттерді соңғы технологиямен жабдықтап, студенттердің сапалы білім алуына үлес қосып келеді.

Шараның соңы «Достық үйіндегі» «Тарихта айқын таңбасы, іргелі білім ордасы» атты мерекелік кешпен қорытындыланды. Онда іргелі білім ордасының өркендеуіне, дамуына елеулі үлес қосып жүрген ұстаздар облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ білім беру ісіне сіңірген еңбегі үшін біркатар азамат И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі медалін иеленді. Салтанатты шарада жергілікті өнерпаздар ән-жырдан шашу шашты.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Газет тұңғыш рет «Екпінді балықшы» атауымен 1930-1938 жылдар аралығында латын көрмесімен басылыпты. Балықшылар арасына кеңінен тараған газеттің сол кездегі тиражы 2500-ден асқан. Социалистік жарыс ерекше екпін алған кезеңде оған еңбекшілерді жұмылдыру, халықты сауаттандыру және жаңа көзқараста тәрбие беруде біркатар жұмыс атқарып, міндеттерді орындады.

Журналист Өмірбек Төлепов «Газеттің тұңғыш редакторы» деген мақаласында «Редакция екі бөлмелі, ортасын пешпен бөлген қазақы тамға орналасқан. Екі адамбыз, үшінші хатшы-машинистка. Баспахана байлардың жер астында балық сақтайтын орталық қоймасы. Механизм де нашар. Газетті лаждап шығарамыз. Барлығы да қолмен атқарылады. Шама келгенше сапалы болуына күш саламыз. 1930 жылы 1 қарашада «Екпінді балықшының» алғашқы нөмірінің шығуы ауданда үлкен мереке болып өткені әлі көз алдымда» деп тебіреніспен естелік жазған.

Ал 1938 жылдан бастап газет «Социалистік Арал» болып аталды. Ұлы Отан соғысына дейін 4 бет, соғыс жылдарында екі бет болып шықты. Оқырман арасына кең тарады.

«Социалистік Арал» газеті 1962 жылғы 3741-санынан кейін ауданаралық газеттердің жарыққа шығуына байланысты біршама уақыт өз қызметін тоқтатты. 3742-нөмірі араға үш жыл салып, 1965 жылғы тамыз айының басынан «Толқын» деген атпен өз оқырманымен қайта қауышты. Бұл туралы журналист Елеусіз Кенебаев былай деп жазды: «1965 жылдың шілде айы. Мен ол кезде КазГУ-дың журналистика факультетінің 3-курсын бітіріп, жазғы каникулға келіп жүр едім. «Аудандық газет қайтадан шығатын болыты» деген хабарды естіп, қатты қуандым. Бірде газеттің редакторы болып тағайындалған М.Сәрсенов редакцияға қызметке шақырды. Ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісі болып орналастым. Газеттің аты «Толқын» болып аталды. Алғашқы нөмірі 1965 жылдың 1 тамыз күні шығатын болды. Оған қызу дайындалдық. Сол кездегі редактор орынбасары Ш.Дармағанбетов, жауапты секретары С.Ермағанбетов, әдеби қызметкер К.Өмірзақов бәріміз материалдар әзірледік. Алғашқы нөмірінің мақетін М.Сәрсеновтің өзі жасады. Осы нөмірге «Толқынға» деген беташар өлең жаздым...»

Жалпы газет өз тарихында республикалық, одақтық байқауларға қатысып, әсем безендіріліп, мазмұнды шыққаны үшін талай рет жүлдегер атанды. Айталық, М.Ульянов атындағы Бүкілодақтық конкурста Құрмет грамотасымен наградталды. Екі рет республикалық конкурстың жеңімпазы атанып, екінші және үшінші дәрежелі дипломға ие болды.

Ең бастысы, Арал проблемасы әлемдік мәселеге айналып, халқымыз экологиялық апаттың ауыртпаулығын тарта бастағанда оқырманның жан серігі «Толқында» «Арал тағдыры – адам тағдыры», «Аралға араса», «Теңіз дабылы» деген айдармен үзбей мақалалар жарияланды. Арал тақырыбы, теңіз тағдыры басылымның өзекті мәселесіне айналған болатын.

Сарғайған парактарында филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қоңыратбаевтың қолтаңбасы қалған. Алғаш жарық көрген 1930 жылдардан бері қарайғы уақытта саяси-идеялық, материалдық-техникалық базасы жағынан да толығып, өсу-өркендеу, орлеу жолынан өтті.

Тарихы ғасырға жуықтаған газеттің редакторлары қатарында Ә.Қоңыратбаевтан бөлек, Тойбазар Елемесов, Опа Алпанов, Әбдіраман Байтаханов, Қалас Сәрсенбаев, Әбсәдық Жанзақов, Қуандық Қарабалин, Төленберг Нұржанов, Жұмағали Елеуов, Жүгініс Шәукәбаев, Тәжімағанбет Тәжіков, Мәлік Сәрсенов, Сағынжан Ермағанбетов, Еркін Әбілов, Жұматәлі Әбдіраман, Жұмабай Жақып, Шымкентбай Жылмағанбетов, Абай Елешов бар.

«Толқында» Арал перзенттері қаламын ұштап, әдебиет әлеміне қанат қатты. Редакция жанындағы әдеби бірлестік жұмыс істеді. КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Ә.Нұрпейісов, қайсар қаламгер З.Шүкіров, ақын-жазушылар мен танымал журналистер М.Қаназ, А.Мархабаев, Ж.Түменбаев, Қ.Әбдірашев, Ш.Сариев, Қ.Жиенбай, М.Шыбынтаев, Ә.Аймағанбетов, Е.Кенебаев, Б.Тәжімбетов және басқалардың алғашқы туындылары осында жарияланды. Бір сөзбен айтқанда, газет редакциясы жас қаламгерлерге ыстық ұя болды.

Айта кетейік, 2014 жылы «Сыр медиа» ЖШС құрамына кіргелі «Толқынның» екінші тынысы ашылып, өзгеше сипатқа енді. Техникалық базасы нығайып, тілшілер қосынына айналған ғимараттың іші-сырты қайта жөнделді. Қызметкерлерге жан-жақты қолайлы жағдай істеліп, ынталандырып отырды.

Аудандық газет Аралдағы қалың оқырман мен ақпарат, әдебиет әлемі арасындағы көпір іспеттес. Бүгінде бас редактор Айдар Сайлауов жетекшілік ететін «Толқын» газетінің тілшілері де жасаған. Бас редактордың орынбасары Абай Елеш, Оңталап Жолдасов, Назерке Бақыран, Айсәуле Нұрланова, Гүлмарал Сақтапова сынды журналистер үнемі ел арасында жүреді. Ауыл шаруашылығы саласындағы тың бастамаларды насихаттап, кәсіпкерліктің өркен жайғанын, аудан экономикасының алға басқанын дер кезінде қалам ұшында сөйлетіп жүр. Сондай-ақ редакцияда заман ағымына сай сайт жұмысы да қарқынды жүргізіліп келеді. Бұдан өзге редакция жанындағы пошта тасымалдаушы қызметі газет шыққан күннің ертесіне-ақ ойлы оқырманның қолына тигізуге асығып тұрады.

Иә, аудан өмірінің тірі куәсі, тарихи шежіресі болған «Толқын» газеті бұқара ойындағысын доп басып, оқырманымен бірге жасасып келеді. 95 жылдық белеске жеткен басылымның әлі де берері мол. Өйткені, редакция көтерген талай мәселе қоғамда қозғау салып, өзекті проблемалардың шешілуіне өзіндік үлес қосары анық.

Деректерді дайындаған
Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

«ЭКО-SERVICE» ЖШС 10.12.2025 жылы сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көш, 8 (мәдениет үйі ғимаратында) мекен-жайы бойынша Қалдықтарды өңдеу уәкесінің нормативтік құжаттамасы (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) және жұмыс жобасына арналған РООС «Қызылорда-Құмкөл автожолының 175-шақырымындағы мұнай қалдықтарын уақытша сақтау және кәдеге жарату уәкесінің қабылдауға жататын қалдық түрлерінің тізбесін кеңейтуге байланысты жаңғырту» жобасы бойынша экологиялық рұқсат алу үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсерету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы. Географиялық координаттар 46°18'43.45"солтүстік ендік, 65°36'1.61"шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен электронды сайтта танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabigat?lang=ru>.

Барлық ескертпелер және/немесе ұсыныстар электронды сайтта <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы a.koszhanova@korda.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=MJuhPBK7sS2gRlqtZDKPAONUIHofai.1&omn=85120129494>

Конференция идентификаторы: 371 538 7210

Қауіпсіздік коды: 0ei0WG

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі 3, байланыс тел.: 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЭКО-SERVICE» ЖШС, БИН 040140007710, РК, Қызылорда қаласы, Күләш Байсейітова көшесі, 13, eco_service@inbox.ru

Жобаны дайындаушы: «АртНефтьСтройПроект»

ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел.: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

Объявление

ООО «ЭКО-SERVICE» сообщает что 10.12.2025 года 11:00 часов по адресу Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос.Теренөзек, ул.Конаева 8 (здание дом культуры) состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Нормативная документация (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) участка переработки отходов и РООС к рабочему проекту «Модернизация участка временного хранения и утилизации нефтеотходов на 175км автотрассы Кызылорда-Кумколь», в связи с расширением перечня видов отходов, принимаемых на переработку» для получения экологического разрешения.

Территория воздействия объекта – Кызылординская область, Сырдарьинский район. Географические координаты: 46°18'43.45"СШ 65°36'1.61"ВД.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационном сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационном сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на эл. адрес a.koszhanova@korda.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка:

<https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=MJuhPBK7sS2gRlqtZDKPAONUIHofai.1&omn=85120129494>

Идентификатор конференции: 371 538 7210

Код доступа: 0ei0WG

Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тәуке хана, 3, тел.: 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности: ООО «ЭКО-SERVICE». БИН 040140007710. РК. город Кызылорда, улица Куляш Байсейитова 13. eco_service@inbox.ru

Разработчик проекта: ООО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тәуке хана, 3. БИН 050140000140. Тел.: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.